

Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің
«Аққу» бөбекжай» КМҚК
«Күле қарсы алайық» әлеуметтік-педагогикалық жобасы бойынша
2025 жылғы 02 қыркүйек – 31 желтоқсан аралығында атқарылған
жұмыстардың қорытынды есебі.

Жобаның мақсаты:

Ерте жастағы балалардың балабақшаға бейімделуін жеңілдету, жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру, балалар мен ата-аналар арасында сенімді қарым-қатынас орнату.

Міндеттері:

- Балалардың әлеуметтік және эмоционалдық бейімделуін қамтамасыз ету;
- Ата-аналармен тығыз ынтымақтастық орнату;
- Балалардың жас ерекшеліктеріне сай қолайлы даму ортасын қалыптастыру;
- Педагогтер мен ата-аналарға әдістемелік және психологиялық қолдау көрсету.

Жобаның қатысушылары:

Ерте жастағы балалар, ата-аналар, директор, әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, медбике, педагог-психолог.

Жобаның мерзімі:

02.09.2025 ж. – 31.12.2025 ж.

«Күле қарсы алайық» әлеуметтік-педагогикалық жобасы кіші жастағы балалардың бейімделуін жеңілдету, психоэмоционалдық жайлы орта қалыптастыру және ата-аналармен өзара байланысты нығайту мақсатында жүзеге асырылды. Жоба аясында педагог-психолог, педагогтер, әдіскер және медбике тарапынан жүйелі жұмыстар жүргізілді: ата-аналарға кеңестер, презентациялар, сауалнамалар өткізілді, кері байланыс алынды.

2025-2026 оқу жылында «Алмұрт» кіші тобына жаңадан 20 бала қабылданды. Осы топта баланың балабақшаға бейімделуінің диагностикасы жүргізілді.

Диагностика мақсаты: Баланың жаңа әлеуметтік ортаға балабақшаға бейімделу деңгейін анықтау, эмоциялық, мінез-құлықтық және танымдық ерекшеліктерін бақылау.

Бақылау бағыттары:

1. Эмоциялық жағдайы (жылай ма, көңілді ме, ашулана ма, қорқа ма)
2. Қарым-қатынасы (тәрбиешімен, басқа балалармен байланыс орнатуы)
3. Ойын әрекеті (өздігінен ойнай ма, ойынға қатысу белсенділігі)
4. Тамақ ішу, ұйқы (тәбетінің, ұйқысының жағдайы)
5. Жалпы мінез-құлқы (байсалды, мазасыз, тыңдай ма, ережелерді орындай ма) осы аталғандарды орындау болды.

Бейімделу деңгейін бағалау критерийлері:

Жоғары деңгей (жеңіл бейімделу) – бала 5-7 күн ішінде үйренеді, аз жылайды, топта белсенді, көңілді.

Орташа деңгей – 2-3 аптада бейімделеді, кейде жылайды, тәрбиешіге тәуелді.

Төмен деңгей (қиын бейімделу) - 1 айдан астам жылау, қарсылық, агрессия, ұйқы/тәбет бұзылысы байқалады.

Диагностика нәтижесінде: «Алмұрт» кіші тобында - 8 бала жоғары деңгей (жеңіл бейімделу), 7 бала орташа деңгей, 5 бала төмен деңгейді (қиын бейімделу) көрсетті.

«Алмұрт» тобының бейімделу деңгейі

